

**"2021-2023 жылдарға арналған Басықара ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №549 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2021 жылғы 12 наурыздағы № 30 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 16 наурызда № 8203 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес, Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2021-2023 жылдарға арналған Басықара ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 549 шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7986 нөмірімен тіркелген, 2021 жылғы 6 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған Басықара ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2, 3 – қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 56190 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 1840 мың теңге;

трансферттер түсімі – 54350 мың теңге;

2) шығындар – 56242,7 мың теңге, оның ішінде;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -52,7 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 52,7 мың теңге."

Жаңа мазмұндағы 2-1- тармақпен толықтырылсын:

"2-1. 2021 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық округ бюджетіне төмендегідей ағымдағы нысаналы трансферттердің қаралғандығы ескерілсін:

1) әкім аппараттары қызметін қамтамасыз ету шығындарына 200 мың теңге.".

Аталған шешімнің 1 – қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазалы аудандық мәслихатының кезектен  
тыс III сессиясының төрағасы

*А. ОРЫМБАЕВ*

Қазалы ауданының  
мәслихат хатшысы

*Б. ЖАРЫЛҚАП*

Қазалы аудандық мәслихатының 2021  
жылғы 12 наурыздағы № 30 шешіміне  
қосымша

Қазалы аудандық мәслихатының 2020  
жылғы 25 желтоқсандағы № 549  
шешіміне 1-қосымша

## 2021 жылға арналған Басықара ауылдық округінің бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы	Кіші сыныбы		
			Атауы	
			1. Кірістер	56190
1			Салықтық түсімдер	1840
	04		Меншікке салынатын салықтар	1840
		1	Мүлікке салынатын салықтар	15
		3	Жер салығы	58
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1767
4			Трансферттердің түсімдері	54350
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	54350
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	54350
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			

		Бағдарлама		
		Атауы		
			2. Шығындар	56242,7
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	33517
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	33517
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	33517
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	6395
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	6395
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3738
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	525
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	2132
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	16328
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	16328
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	16328
15			Трансферттер	2,7
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	2,7

		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	2,7
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-52,7
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(52,7
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	52,7
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	52,7
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	52,7